bilimger.kz Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2018

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

# Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары. Жалпыәскери жарғылардың әскери ұжымның тұрым-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру бе

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 13.01.2018 | https://bilimger.kz/26246/ |

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

---

ШҚО
Тарбағатай ауданы
Тана мырза орта мектебінің
АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы
**Байназаров Айдын Айткалиевич**

**Бекітемін:____________________Қасенов М .Қ.**
**мектеп директоры**

**Қысқа мерзімді ашық сабақ жоспары**

| | |
|---|---|
| **Сабақ:** Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары. Жалпыәскери жарғылардың әскери ұжымның тұрым-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілері. | **Мектеп:** Тана мырза орта мектебі КММ |
| **Күні:** | **Мұғалімнің есімі:** Байназаров А А |
| **Сынып:** 10 | **Қатысқандар:**4 Қатыспағандар:0 |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаттары:** | Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғыларымен танысады.Жалпыәскери жарғылардың әскери ұжымның тұрым-тіршілігіндегі маңызын ұғынады Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттерін біледі. Әскери атақ және айыру белгілерін ажыратады. |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:**Қарулы Күштердің құрылған уақытын ,жалпыәскери Жарғылардың қабылдануын,әскери Жарғылардың маңызын,әскери қызметшілердің міндеттерін біледі<br><br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**Қарулы Күштердің түрлерін,жалпыәскери Жарғыларды ажыратады,әскери атақтар құрамын атайды.<br><br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**Жалпыәскери Жарғыларды талдап-талқылай алады,әскери атақтар мен айырым белгілерін толық ажыратады.Олардың ерекше ұқсас қасиеттерін өз ойларымен байланыстыра алады. |
| **Тілдік мақсаты:** | **Оқушылар орындай алады:**<br>1.Қарулы Күштердің түрлерін ажыратады.<br>2. «Жарғылар» (саптық,тәртіптік,гарнизонды-қарауылдық,ішкі қызмет), «сарбаздар», «офицерлер», «танк әскерлері», «авиация», «инженерлік әскерлер»,сөздерді және бас киімдегі,иықтағы,жағадағы әскери белгілерді ажыратады.<br><br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>«Жарғылар», «сарбаздар», «офицерлер», «танк әскерлері», «авиация», «инженерлік әскерлер», «лейтенант», «сержант», «капитан», «майор», «подполковник», «полковник» , «генерал-майор», «генерал-лейтенант» , «генерал-полковник», «адмирал» , «мичман» т б сөздер<br><br>**Талқылауға арналған тармақтар:**<br>1.ҚР ҚК нің жалпы әскери жарғыларының айырмашылығы неде?<br>2.Әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін айт?<br>3.Әскери атақтардың жіктелу құрамын ата?<br>4.Әскери Жарғылардың маңызын айт?<br><br>**Жазуға ұсыныс:**<br>Әскери қызметшілердің міндетері және әскери атақтар мен айырым белгілері жайында өз білгендерін жазу. |
| **Алдыңғы оқу** | Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін, олардың құрамы және атқаратын қызметтері, жоғары әскери оқу орындарын, олардың әскери мамандарды даярлаудағы рөлін білді |

# Жоспар

| **Жоспарланған уақыт:** | **Жоспарланған жаттығулар:** | **ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басы**<br>**5 минут** | 1.Бөлімшені сапқа тұрғызу,бөлімше командирінің рапортын қабылдау,сәлемдесу,оқушылардың сыртқы бітімін тексеру,саптық жаттығу әдістерін қайталау<br>2. Оқушыларды **«құрлықтағы»** және **«теңіздегі»** әскерлер түрлері арқылы жұпқа бөлу.<br>Оқушылар құрлықтағы және теңіздегі әскерлерге қатысты суреттерді таңдау тапсырмасы беріледі. | Далалық әскери форма<br><br>Құрлық,теңіз әскерлеріне қатысты суреттер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Ортасы**
**30 минут**

**«Сәйкестікті тап» әдісі** арқылы үй тапсырмасын тексеру (жұптарға сәйкестендіру тапсырмасын тарату)

| | |
|---|---|
| Құрлық әскерлері | Теңіз флоты |
| Әскери –теңіз күштері | Теңіз шекара әскерлері |
| Әуе қорғаныс Күштері | Артиллерия әскерлері |
| Шекара әскерлері | Әскери Әуе әскерлері |

| | |
|---|---|
| Құрлық әскерлерінің әскери институты | Ақтау |
| Әскери теңіз институты | Алматы |
| Ұлттық қорғаныс университеті. | Астана |
| Кадет корпусы. | Ақтөбе |
| Әуе қорғанысы Күштерінің әскери институты | Шученск |

картішкелер
кестелер

**Жаңа сабақ** Мақсатты айқындау арқылы бүгінгі тақырыпты білуде өздері мақсат қояды
**1 тапсырма**
**Ноутбукта жұмыс (АКТ)**(жұпта орындайды)
Ноутбукте Әскери Жарғылар,атақтар,айырым белгілерін жұптап,топтап сұрыптайды.

ноутбуктер
интербелсенді
тақта

| **Құрамы** | **Әскери атақтар әскерлік** | **Әскери атақтар кемелік** |
|---|---|---|
| **Жауынгер мен** матростар | Қатардағы жауынгер<br>Ефрейтор | Матрос<br>Аға матрос |
| Сержанттар (старшиналар) | Кіші сержант<br>Сержант<br>Аға сержант<br>Үшінші дәрежелі сержант<br>Екінші дәрежелі сержант<br>Бірінші дәрежелі сержант<br>Штаб — сержант<br>Шебер — сержант | Екінші сатылы старшина<br>Бірінші сатылы старшина<br>Бас старшина<br>Үшінші сыныпты старшина<br>Екінші сыныпты старшина<br>Бірінші сыныпты старшина<br>Штаб – старшина<br>Шебер — старшина |
| **Кіші офицерлер** | Лейтенант<br>Аға лейтенант<br>Капитан | Лейтенант<br>Аға лейтенант<br>Капитан — лейтенант |
| **Аға офицерлер** | Майор<br>Подполковник<br>Полковник | Үшінші дәрежелі капитан<br>Екінші дәрежелі капитан<br>Бірінші дәрежелі капитан |
| **Жоғары офицерлер** | Генерал – майор<br>Генерал – лейтенант<br>Генерал – полковник<br>Армия генералы | Контр адмирал<br>Вице адмирал<br>Адмирал |

Әскери киімдер, Әскери айырым белгілері
кесте

кесте

Сержант,сарбаз және полковник пен генералдың әскери формалары

**Дескриптор:**

| | |
|---|---|
| 1.Электронды оқулықпен жұмыс істейді. | +\- |
| 2.Әскери Жарғыларды ,әскери атақтар мен айырым белгілерін ажырата алады. | +\- |
| 2.Әскери Жарғыларды ,әскери атақтар мен айырым белгілерін ажырата алады. | +\- |

**2 тапсырма**
**«Рөлдік ойындар»**
(жұпта орындайды)
(Әр түрлі әскери атақтар иеленген адамдардың байланысы: сарбаз бен сержанттың және полковник пен генералдың әскери қатынасын сахналау)
**Сарбаз бен сержант**
-Қатардағы сарбаз Сайлауов маған кел
-Құп болады сержант мырза
-Сержант мырза ,ефрейтор мырзаға сұрақ қоюға рұқсат етіңіз
-Сұрақ қоюға рұқсат
**Полковник пен генерал-лейтенант**
-Полковник мырза сіздің полкке 12.00 сағатта оқу-жаттығу ойындарын аяқтауға бұйырамын.
-Құп болады генерал-лейтенант мырза
-Генерал-лейтенант мырза, генерал-майор мырзамен сөйлесуге рұқсат етіңіз
-Сөйлесуге рұқсат етемін.
**Дескриптор:**

| | |
|---|---|
| 1.Сарбаз бен сержанттың әскери қарым –қатынасын көрсете алады. | +\- |
| 2. Полковник пен генералдың әскери қарым –қатынасын көрсете алады. | +\- |

| | | |
|---|---|---|
| **Аяқталуы**<br>**5 минут**<br><br><br><br>**5 минут** | **Бекіту**<br>**«Тұжырымдамалық карта»**<br>(жұпта орындайды)<br>1. ҚР ҚК-нің Әскери Жарғыларын сызбамен көрсет?<br>2. Сержанттар құрамын тұжырымдап көрсетіңдер?<br>3. Әскери қызметшілердің міндеттерін сызбаға түсірдер?<br>4. Әскери айырым белгілерін сұрыптап қалай сызбаға түсіресіңдер?<br>(Өтілген тақырып негізінде сызба жасау)<br>(жұпта орындайды)<br>**Кері байланыс**<br>**«Светофор»**<br>1.Сабақты жақсы түсіндім —**жасыл**<br>2.Сабақты толық түсінбедім-**сары**<br>3.Сабақты мүлде түсінбедім-**қызыл**<br>**Үйге тапсырма**<br>(өтілген тақырыпқа презентация дайындау) | <br><br>сызбалар<br><br><br><br><br><br><br>Светофор<br>суреттері |
| **Рефлексия** | | |

**Қорытынды бағамдау:**
**Қандай екі нәрсе табысты болды:**
**1.**
**2.**
**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды:**
**1.**
**2.**
**Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетінін білдім:**

# Қосымша ақпарат

## Саралау:

## Пән аралық байланыс,АКТ-мен байланыс

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.